

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби
қалыптасуы мен дамуы»

Жаңа формация мұғалімі

- ▶ Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу - білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады.

- ▶ Бүгін қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтарды үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін барлық деңгейінде - кәсіптікке дейін, жоғарғы оқу орнындағы, жоғарғы оқу орнынан кейін де жаңарту негізделген. Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясының негізгі мақсаты жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнының ұлттық моделін құру, нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзіретті мұғалім қалыптастыру. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары

- ▶ :
 - 1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
 - 2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
 - 3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
 - 4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
 - 5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
 - 6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.
-
- ▶ Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту - оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне , мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты.



**XXI ғасыр
мұғалімі қандай
болу керек?**



**Болу
керек**

❖ **Кәсіптік құзырлықтың
жеткілікті деңгейі**



**Білу
керек**

❖ **Білім берудің жаңа мазмұны,
қазіргі парадигмасы**



**Үйрену
керек**



❖ **Білім беру және басқару
технологияларының әртүрлігі**



Қазіргі заман мұғалімі –

рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты деген.

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің негізі:

➔ *Біріншіден*, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным.

➔ *Екіншіден*, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі.

➔ *Үшіншіден*, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін табысты қолдана білуі.

Қазіргі ұстаз бейнесі

Педагогикалық
үрдісте жүйелі
жұмыс жүргізе алатын

Педагогикалық
өзгерістерге
тез төселетін

Жаңаша ойлау
жүйесін
меңгере алатын



Инновациялық
білімді
дамытатын

Жаңа
педагогикалық
идеялар мен
жаңалықтарды
өмірге әкелетін

Оқушылармен
ортақ
тіл табыса
алатын

Білімді,
іскер,
шебер
болуы керек.

Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген жөн. Өйткені оқытуға қатысты дағдылардың барлығы да тек тәжірибе жолымен ғана алынады.

Жаңа форматты мұғалімі мынадай тәсілдері бар этиканы пайдаланады:

- Бақылаудың орнына *ынталандыру*;
- Мәжбүрлеудің орнына *кеңес беру*;
- Ауыстырудың орнына *сенім білдіру*;
- Үгіттеудің орнына *түсіндіру*;
- Жоюдың орнына *тегістеу*;
- Басқарудың орнына *қатысу*;
- Айғайлаудың орнына *әзілдеу*;
- Кінәлаудың орнына *қорғау*;
- Бұйрық беріп тексерудің орнына *көмек көрсетіп, қолдау жасауға ұмтылу*.

Н.Назарбаев

- ▶ **«Кәсіби құзіреттілік** - білім, біліктілік, дағды мен оның тұлға қызметіндегі, қарым - қатынасы мен дамуы (өзіндік дамуындағы) барысындағы аталған мүмкіндіктерді пайдаға асыру тәсілдері мен әдістерін тыңғылықты меңгеру» болып табылады. Немесе басқаша айтатын болсақ, «Кәсіби құзіреттілік - бұл мұғалімнің қызметтік міндетерін атқару барысында коммуникативтік, проблеманы шеше білу, ақпараттық және технологиялық білімі мен біліктілігін оқушы бойында болжамды нәтижені қалыптастыру жолдарын таңдай білуде тиімді пайдалана білуі» болып табылады.
- ▶ ***Құзіретті мұғалім қалыптасуындағы келесі құрауыштарды бөліп көрсетуге болды:***
- ▶ 1. мұғалімнің өз еңбегінің мемлекеттік деңгейдегі білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі қажеттілігін түсінуі;
- ▶ 2. кәсіби қажетті педагогикалық және психологиялық білімі;
- ▶ 3. кәсіби қажетті педагогикалық біліктілігі;
- ▶ 4. кәсіби мамандығына қажетті мұғалімнің негізгі психологиялық ұстанымдары, мұғалімдік көзқарасы;
- ▶ 5. оқушы білімі нәтижесі мен оның мінез - құлық өзгерістерінің себеп - салдарлық себептерін анықтау мүмкіндігі;
- ▶ 6. кәсіби білім мен біліктіліктің қалыптасуын қамтамасыз етуші мұғалімнің жеке тұлғалық ерекшеліктері;
- ▶ 7. өз мерзімінде педагогикалық, психологиялық және әдістемелік басым бағыттарды меңгертуге арналған біліктілік арттыру курстарынан өтуі.
- ▶ Осы құрастырушыларының мұғалім бойындағы қалыптасуы мұғалімнің шығармашылдыққа бет бұрғандығының көрсеткіші бола алады.

Педагог субъектілігі құрылымының негізгі компоненттері

- ▶ Кәсіби сана-сезім өзін-өзі тану негізінде қалыптасады. Осының нәтижесінде педагог білім беру үрдісінің заңдылықтарын түсініп, педагогикалық шеберлікке бір адым болса да жақындай түседі.
- ▶ Ғалым Е.Н. Волкова педагог субъектілігінің құрылымының негізгі компоненттерін атап көрсетеді:
- ▶ 1) Белсенділік;
- ▶ 2) Рефлексияға қабілеттілік;
- ▶ 3) Таңдау еркінділігінің болуы және оған жауапкершілік;
- ▶ 4) Субъектінің бірегейлігі (уникальность);
- ▶ 5) Басқаны түсініп қабылдау;
- ▶ 6) Өздік даму.
- ▶ Осы аталған компоненттерінің барлығы да педагогтың өзін-өзі білімдендіру үрдісінде ерекше орынға ие.
- ▶ Өзін-өзі білімдендіру кәсіби өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жетекші компоненті болып табылады. Өзін-өзі білімдендіру дегеніміз педагогтың педагогикалық үрдісті жетілдіру үшін қажетті жалпыадамзаттық тәжірибені, әдістемелік және арнайы білімді, кәсіби біліктілік пен дағдыны меңгеруге байланысты мақсатты жүзеге асырылатын танымдық әрекеті. Өзін-өзі білімдендіру - оқытушының МА-ман ретінде өсуінің негізі.

Педагогтың кәсіби жоспарына мыналар кіреді:

- ▶ - мәселелер мен қарама-қайшы-лықтарды айқындау;
- ▶ - мақсаттар мен міндеттерді белгілеп, оны жүзеге асырудың жолдары мен құрал-дарын анықтау;
- ▶ - әдістемелік және диагностикалық инструментарияны өңдеуді жоспарлау;
- ▶ - күтілетін нәтижені болжау.
- ▶ Педагог өзін-өзі тәрбиелеуде алдына мақсат қою үшін өзінің әлсіз және күшті жақтарын білуі керек. Ол үшін, жоғарыда айтып өткендей, өзін-өзі танудың маңызды әдісі - өз тәжірибесінің жағымды және жағымсыз жақтарын талдау қажет. Енді бір жолы - басқалармен салыстыру.
- ▶ Шеберлігін жетілдіру және құзырет-тілігін дамытуда педагогтың алдында көп-теген тұлғалық, сол сияқты кәсіби даму міндеттері тұр. Педагогтың тұлғалық, мо-ралдық және ақыл-ой даму деңгейлері кә-сіби-педагогикалық әрекет жетістігін қам-тамасыз етеді.

Қазіргі заман талабына сай педагог

Білікті педагог, өз ісінің білгір маманы болу үшін, ғылымды игеру жеткіліксіз, оны практикалық тұрғыда өмірге қолдана біліп, кәсіптік әлемдік деңгейіне дейін жеткізіп, нақты іске асыра білетін жан-жақты кәсіп иелері болуымыз керек.





Педагогтың шеберлігі

Педагогикалық техниканы шебер, оңтайлы қолдана алуы.

Сендіру, иландыру шеберлігі;

Білімді беру мен іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру шеберлігі;

Балалардың ұжымдық және жеке іс-әрекетін ұйымдастыру шеберлігі.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
- ▶ Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
- ▶ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
- ▶ Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
- ▶ К.Құдайбергенова. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б.
- ▶ Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004



**Ұстаным мен шеберлік – біздің
талмайтын қос қанатымыз.**



Назарларыңызға
рахмет